| | Монополистік бәсеке құрылымына мысал: тағам өнімдері, киім, аяқ киім, кітап басылымы, медицина тауарлары (дәрі-дәрмек, витаминдер, гигиена заттары) ресторандар, шаштараздар, техникалық қызмет көрсету станциялары т.б. | |

| МОНОПОЛИСТІК БӘСЕКЕ: | | |
|---|---|---|
| | Жағымды жақтары | Монополистік бәсекелестер арасындағы жарыстың жоғарғы дәрежесі, өндірілетін өнімнің сапалық сипатын көтереді, оның әртүрлілігін қамтамасыз етеді және сатудан кейінгі |




Фирманың қысқа
мерзімдегі тепе-теңдігі




Фирманың ұзақ
мерзімдегі тепе-теңдігі

ОЛИГОПОЛИСТ ФИРМАНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ӘРЕКЕТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ

1. Белгілі салада олигополистердің бір-біріне өзара бейімделуі.
2. Нарықтағы олигополист фирмалар әрекеттерінің моделдері (үлгілері):

   а) Үйлеспеген олигополия (фирмалар байланысқа бармайды);

   б) Картел құру (өндіріс көлемін анықтауға және бағасын құруға ұмтылатын, фирмалардың жасырын келісімі);

   в) Картелге ұқсас нарықтың құрылымын құру (фирмалар бәсекелестері үшін әрекеттерін түсінікті көрсетеді).

3. Бағаға әсер ету мүмкіншілігі:

   а) Бағаға әсер ету мүмкіншілігі (бірақ монополияға қарағанда төмен);

   б) Бағамен айла-шарғы жасау;

   в) Бағасыз бәсеке.

4. Басқа бәсекелес фирмалар әрекеттерінің өзгеруіне олигополистің реакциясының сипаты:

   а) Бір олигополист бағаны өзгертсе басқа олигополист оны байқамайды;

   б) Лидер – фирма бағаны өзгертсе, басқа фирмалар да өзгертеді (әдетте төмен қарай). Соңында үйлеспеген олигополия жағдайында «сұраныстың сынық қисығы моделі» қалыптасады.



Өзін өзі тексеру тестілері:

1. Капиталды құру мен кеңейту үшін салынатын қажетті ақша мөлшері:
A) пайда
B) рента
C) пайыз
D)инвестиция
E) жалақы
F) шетелдік инвестиция
G) факторлық табыс
H) отандық инвестиция

2. Өндіріс факторлары нарығындағы қалыптасқан баға:
A) Рента
B) Табыс
C)Пайыз
D) Сыйақы
E) Дивиденд
F) шетелдік инвестиция

**4 тақырып. Сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері**

1. *Сұраныс және ұсыныс заңы, факторлары*
2. *Сұраныс және ұсыныс икемділігі концепциясы*

*1. Сұраныс және ұсыныс заңы, факторлары*

| СҰРАНЫС ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ (А.Маршалл) | |
|---|---|
| | 1. Классиктердің еңбектерінде (Рикардо және оның ізбасарлары) құн категориясын талдау кезінде шамадан тыс өндіріс шығындарына көп мән беріледі (яғни ұсыныс факторына). Негізінде сұраныс факторы құнды жасау кезінде ұсыныс факторы сияқты да маңызды рөлді атқарады. |
| | 2. Сұраныс теориясы (ұсыныс теориясымен салыстырғанда) әлі нәрестелік жаста. Салыстырмалы түрде сұранысты өлшеу әдістері нашар дамыған. Экономикалық теорияның дамуы үшін дәлме-дәл аргументтерді қолдану қажет, бұл математикалық анализді, анық көрсеткіштер жүйесін, қолдану мүмкіншілігін білдіреді. |
| | 3. XIX ғасырдан XX ғасырға өту кезінде дамыған елдердегі қоғамның жағдайы, тұрғындардың жалпы әл-ауқатын көтеру мақсатын орындауы қажет, деңгейіне жетті. Сұранысты, қажеттікті зерттеу – ұлттың әл-ауқатын одан әрі шешудің бір жолы. |

| СҰРАНЫС ЗАҢЫ: түсіндіру варианттары | | |
|---|---|---|
| | Кестелік (сұраныс шкаласын құру жолымен) | |
| | Сұраныс шкаласы (кестесі) – бұл баға ($P_d$) және сұраныс көлемі $Q_d$) мағынасының реті | Сұраныс шкаласы (кестесі) |

| $P_d$ тең | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| $Q_d$ шт. | 20 | 16 | 10 | 8 | 5 | 2 |



| Алгебралық (сұраныс функциясын анықтау жолы) | |
|---|---|
| Сұраныс функциясы тура ($Q_d$-функция; $P_d$-аргумент) немесе кері ($P_d$-функция; $Q_d$-аргумент) болуы мүмкін | Желілік (ұзындық) тәуелділік кезінде: $Q_d = -k_p + b$ - сұраныстың тура функциясы; $P_d = -\frac{Q}{k} + \frac{b}{k}$ - сұраныстың кері функциясы. |
| Графиктік (сұраныс графигін құру) | |
| Сұраныс графигі (қисығы) – бұл баға және сұраныс көлемі нүктелерінің өзара сәйкес келетін геометриялық орны |  |

| СҰРАНЫСТЫҢ БАҒАДАН ТЫС ФАКТОРЛАРЫ | |
|---|---|
| | 1. Тұтынушылардың ақшалай табыстары<br>2. Тұтынушылардың талғамдары (оның өзгерісіне жарнама мода, жылдың, уақыттың ауысуы және т.б.)<br>3. Келешектегі бағаларды тосу, күту<br>4. Бір-біріне байланысты тауарлардың (ауыстыратын немесе толықтыратын) бағалары<br>5. Үкіметтің экономикалық саясаты (тура және жанама салық салу, әлеуметтік төлем)<br>6.Жарнама<br>7. Сатып алушылардың саны (тұтынушылар бәсекесі) |




Бағадан тыс факторлардың оңды (а) және теріс (б) әсер етуі.

| СҰРАНЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ АУЫТҚУЛАР | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | «Гиффен парадоксы»   | Тұрғындардың кедей топтарының өмірінің негізін құрайтын тұтыну тауарларына сұраныс, осы тауарлардың бағасынан әдеттегіден тыс функционалды байланыс көрсетеді. Жалпы баға деңгейінің көтерілуі соларға сұранысты көбейтеді. Бұл - өмірдің қымбаттауы, тұрғындардың белгілі бір бөлігін өздерінің тұтыну құрылымын өзгертуге итермелейді немесе мәжбүрлейді. Арзан, төмен сапалы игіліктердің орнына қымбат тауарларды тұтыну қысқарады. Берілген заңдылықты ағылшын экономисі Роберт Гиффен (1837-1910) айтқан. |



| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| | | Ол ағылшындардың ең кедей тұрғындарының сұранысын зерттеген. |
| | Көпшілікке қосылу эффектісі | Әрбір адамның еркінде, басқалардан қалып қалмау (жаман болмау) еркі, тілегі көрінеді. Эффект нарықтық сұраныстың өсуіне байланысты, соңында баға да өседі, жеке сұраныс та өседі. |
| | Сноба эффектісі | Басқалардың сатып алуы салдарынан индивидумның сол тауарға сұранысы азаяды. Берілген жағдай, баға мен сұраныс көлемі арасындағы өзара байланыс яғни сұраныс Заңының маңыздылығын дәлелдейді. Бірақ сатып алушының әрекетінің себебі экономикалық мүддемен емес «топтың ішінен көріну» еркімен түсіндіріледі. |
| | Веблен эффектісі   | Американдық институционализмнің негізін салушы Т.Веблен өзінің «Мерекелі кластың теориясы» атты еңбегінде алғаш рет сипаттама берген, наразылық көрсететін тұтынушының феномені (ерекшелігі) туралы айтады. Белгілі бір жағдайда тауардың бағасы оның мәртебесінің көрсеткіші болады. Осыдан сұраныс заңына қайшылық пайда болады: белгілі бір тауарларға бағалардың тзөмендеуі кейбір тұтынушыларға осы тауарларды сатып алудан бас тартуға түрткі болады. |

Эффект түсінігі американдық экономист Х.Лайбенстайнмен берілген, ол тұтынушылардың әрекеттерінің дәстүрлі емес оқиғаларын жинақтап қорытқан.

| «СҰРАНЫС» КАТЕГОРИЯСЫ: ТӘСІЛДЕРДІ ТҮСІНДІРУ | | |
|---|---|---|
| | Талдау облысы | Тәсілдерді сипаттау |
| | Микроэкономика теориясы | «Сұраныс» категориясын талдау, шартты, белгілі қарастырылатын жергілікті нарыққа сәйкес жүзеге асырылады. Берілген категория, өздерінің қажеттіктерін нарық арқылы қанағаттандыратын тұтынушылардың әрекеттерін нақты көрсетеді. |
| | Макроэкономика теориясы | Қарастырылатын категорияны талдау барлық ұлттық экономика тұрғысынан іске асырылады. Осы тұрғыдан ол – «жиынтық сұраныс» түсінігіне ауысады. Бұл түсінік макроэкономикалық заңдылықты зерттеу үшін қолданылады (жалпы тепе-теңдік және оның бұзылуы). |
| | Экономикалық саясат теориясы | «Сұраныс» категориясын макроэкономикалық талдау мемлекеттің экономикаға әсер етуінің альтернативті мүмкіншілігін анықтау мақсатымен жүргізіледі (жалпы тепе-теңдікке, экономиканың конъюктурасына). Берілген әсер ету жиынтық сұранысты (немесе жиынтық ұсынысты) ынталандыру жолымен жүргізіледі. |





| БАҒА БОЙЫНША СҰРАНЫС ИКЕМДІЛІГІ (жинақталған бес түрі) | | |
|---|---|---|
| | Сұраныстың абсолютті икемділігі: сұраныстың өзгеруіне қарамастан өнім бағасы өзгермейді. Икемділік көрсеткіші шексіздікке тең ($\left\|E_d = \infty\right\|$) Гипотезалық (жорамалданған) вариант |   |
| | Сұраныс икемділігі бұл, оның көлемінің бағаға жоғары сезімталдығы. Мұнда икемділік көрсеткіші бірден көп ($\left\|E_d \succ \infty\right\|$). Сұраныстың берілген түрі сән-әдемі заттарға, ауыстырушысының саны көп өнімдер мен қымбат тұтыну заттарына тән. |   |
| | **Сұраныстың бірлік икемділігі**, сұраныс көлемі мен бағаның қарама-қарсы бағытта бір дәрежеде өзгеруін білдіреді ($\left\|E_d = 1\right\|$). |   |

| | | |
|---|---|---|
| | **Икемсіз сұраныс**, бағаға төмен сезімталдықты білдіреді. Мұнда икемділік көрсеткіші бірден аз. Берілген сұраныстың түрі бағалары салыстырмалы төмен бірінші қажетті тауарлар үшін тән. (қарапайым азық-түлік өнімдері, арзан киімдер, қоғамдық көлікке шығындар) ($\left\|E_d \prec \infty\right\|$). |   |
| | **Сұраныстың абсолютті икемсіздігі**: бағаның өзгерісі сұраныс көлеміне ешқандай әсерін тигізбейді. Ол тұрақты икемділік көрсеткіші нөлге тең ($\left\|E_d = 0\right\|$). Гипотезалық (жорамалданған) вариант. |   |

| СҰРАНЫС ИКЕМДІЛІГІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР | | |
|---|---|---|
| | 1 | 2 |
| | Тұтыну үшін тауарлардың маңыздылығы | Бірінші қажетті тауарларға қатысты сұраныс ереже бойынша икемсіз болады (тұтынушылар бағаның өзгерісіне нашар, әлсіз қарайды) |
| | Тұтынушылардың щығынындағы берілген тауарды сатып алуға кеткен | Тұтынушының қаражатының көп бөлігі кететін тауарларға |



| | 1 | 2 |
|---|---|---|
| | шығынның үлесі | икемділік болады (тұтынушы бағаның өзгерісіне көп көңіл бөледі). Жалпы шығындарында үлесі аз тауарларға икемділік аз (сатып алушылар бағаның ауытқуына аз көңіл бөледі). Реакцияның негізінде – психологиялық себептер. |
| | Ауыстыруы жоқ тауарлар | Тауардың ауыстыруы болса (субституттар) – сұраныс көбірек, тым икемді (сатып алушылардың тауардың бағасының өзгерісіне активті реакциясы болады). Ауыстыруы болмаса сұраныс азырақ икемді (тұтынушылар бағаның ауытқуына реакциялары азырақ). |
| | Уақытша параметрлер (өлшемдер) | Қысқа уақыт кезеңінде сұраныс икемділігі салыстырмалы аз. Тұтынушы өзінің психологиясы бойынша – консерватор (қорғаушы), оған күнделікті тұтынатын көлемнен бас тартуы қиын. Уақыт өткен сайын әдет-дағды өзгереді, бағаның өзгерісіне реакциясы көріне бастайды. Тиісінше сұраныс икемділігі көтеріледі. |

## СҰРАНЫС ИКЕМДІЛІГІ: ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ

**Икемділік түрлері**

| Баға бойынша сұраныс икемділігі | Табыс бойынша сұраныс икемділігі | Айқасқан икемділік |
|---|---|---|
| **Есептеу әдістері** | | |
| 1. Доғалы $\left\|E_d\right\| = \frac{Q_2 - Q_1}{Q_2 + Q_1} / \frac{P_2 - P_1}{P_2 + P_1}$ | 1. Доғалы $E_I = \frac{Q_2 - Q_1}{Q_2 + Q_1} / \frac{I_2 - I_1}{I_2 + I_1}$ | 1. Доғалы $E_{x/y} = \frac{Q_2^x - Q_1^x}{Q_2^x + Q_1^x} / \frac{P_2^y - P_1^y}{P_2^y + P_1^y}$ |
| 2. Нүктелі (А нүктесі үшін) $\left\|E_d\right\| = \frac{dQ}{dP} \cdot \frac{P_A}{Q_A}$ | 2. Нүктелі $E_I = \frac{dQ}{dI} \cdot \frac{I}{Q}$ | 2. Нүктелі $E_{x/y} = \frac{dQ_x}{dP_y} \cdot \frac{P_y}{Q_x}$ |

Белгілер:

$Q_1$ және $P_1$ - сұраныс көлемінің және бағаның бастапқы мағынасы;

$Q_2$ және $P_2$ - сұраныс көлемі мен бағаның соңғы мағынасы;

$I_1$ және $I_2$ - табыстың бастапқы және соңғы мағынасы;

«x» тауарына қатысты көлем «x» индексімен белгіленген;

«у» тауарына қатысты көлем «у» индексімен белгіленген.



## ИКЕМДІЛІКТІ ӨЛШЕУ ӘДІСТЕРІ

### Доғалық (сияқты) икемділік

Бағаның, табыстың және т.б. өзгерісіне, сұраныстың (немесе ұсыныстың) шамалы әсері (реакциясы). Доғалы икемділіктің математикалық көрінісі

$$\left|E_d\right| = \frac{Q_1 - Q_0}{P_1 - P_0} \cdot \frac{P_1 + P_0}{Q_1 + Q_0},$$

Мұнда $P_0$ - бастапқы баға, $Q_0$ - бастапқы сұраныс көлемі

$P_1$ - жаңа баға, $Q_1$ - жаңа сұраныс көлемі

Доғалы икемдік көрсеткіші, сұраныс графигінің белгілі кесіндісі үшін икемділіктің орташа көлемін көрсетеді.

### Нүктелі (дәлдік) икемділік

Бағаның, табыстың және т.б. өзгерісіне сұраныстың (немесе ұсыныстың) нүктелі әсері. Берілген көрсеткіш қисықтың бойындағы жеке нүктеге қолданылады. Икемділікті есептеу, белгілі нүктеде сұраныс қисығына еңкіш жанасу жолымен өлшенеді.




Егер бағаның қосымша өсірілуі өте аз болса, онда жанама бойынша өлшенген көлемнің өсімшесі фактілікке (шындыққа) жақындайды.




Сұраныс қисығындағы әртүрлі нүктелердегі икемділік

| ҰСЫНЫС ЗАҢЫ: Түсіндіру варианттары | | |
|---|---|---|
| | 1 | |
| | Кестелік (ұсыныс шкаласын құру жолымен) | |
| | Ұсыныс шкаласы – бұл $P_s$ баға және $Q_s$ ұсыныс көлемі мағынасының бір-біріне сәйкес келетін реті | Ұсыныс шкаласы (кестені төменде қараңыз) |
| | Алгебралық (ұсыныс функциясын анықтау) | |
| | Ұсыныс функциясы тік болуы мүмкін, бұл жағдайда $Q_s$ - функция, p – аргумент, немесе кері бұл жағдайда $P_s$ - функция q – аргумент | Сызықты тәуелділік кезінде $Q_s = K \cdot P - b$ -ұсыныстың тік функциясы, $P_s = q/k + b/k$ - ұсыныстың кері функциясы |

Ұсыныс шкаласы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| $P_s$ | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| $Q_s$ | 2 | 5 | 8 | 10 | 16 | 20 |



| | 1 | |
|---|---|---|
| | Графиктік (ұсыныс графигін құру) | |
| | Ұсыныс графигі (қисығы) – бұл баға және ұсыныс көлемі нүктелерінің өзара сәйкес келетін геометриялық орны | Сызықты тәуелділік кезінде  |



| БАҒА БОЙЫНША ҰСЫНЫС ИКЕМДІЛІГІ (жинақталған бес типі) | |
|---|---|
| Ұсыныстың абсолютті икемділігі: |  |
| Ұсыныс икемділігі: |  |

| | |
|---|---|
| Ұсыныстың бірлік икемділігі. |   |
| Ұсыныс икемсіздігі, |   |
| Ұсыныстың абсолютті икемсіздігі: |   |



| ҰСЫНЫСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ БАҒАСЫЗ ФАКТОРЛАР | |
|---|---|
| Ресурстарға баға | Ол өскен кезде ұсыныс қысқарады. Графикте ұсыныс қисығы солға жоғары жылжиды |
| Жаңа технологиялар | Олар ұсыныс көлемін өсіреді, шығынды азайтады. Графикте ұсыныс қисығы оңға төмен қарай орналасады |
| Мемлекет пен өндірушілер арасындағы қаржылық қатынастардың өзгеруі | Бұл қатынастар салық басымдылығы немесе жеке бизнесті – субсидиялау арқылы болады. Салық көтерілсе шығын көбейеді, бұл ұсынысты қысқартады. Қаржылық көмектің өсуі кері көріністі береді. |
| Ауыстырылатын тауарлар бағасының деңгейі | Мысалы, картоп өсіретін фермер, ерте пісетін парниктегі көкөніске баға көтерілсе, онда ол картоп өндірісін қысқартып басқамен шұғылданады. |
| Өндірушілердің күтуі | Берілген нарықта баға көтерілетінін өндірушілер білсе онда ұсыныс өседі. |
| Нарықта жұмыс істейтін фирмалардың саны | Салаға фирма кірсе ұсынысты ұлғайтады, ал саладан фирма шықса ұсыныс қысқарады. |




Ұсыныcқа оңды және солды әсер ететін бағасыз факторлар.




Нарықтық тепе-теңдік және тепе-теңдік баға.






Өндіруші мен тұтынушының арасында салық ауыртпалығын бөлуі

Тұтынушы мен өндіруші арасындағы өндірушімен төленетін салықты бөлу:
а – икемсіз сұраныста;
б – сұраныстың бірлік икемділігінде;
в – икемді сұраныста.

Өзін өзі тексеру тестілері:

1. Ұсыныстың негативті сілкінісі мыс, энергетика тасымалдаушыға бағалардың өсуі қысқа мерзімді уақытта неге әкеледі
A) Сату көлемінің төмендеуіне.
B) Бағалардың төмендеуіне.
C) Бағалардың және сату көлемінің төмендеуіне.
D) Бағалардың өсуі мен сату көлемінің өсуіне.
E) Жиынтық сұраныс өсуіне.
F) Бағалардың төмендеуі мен сату көлемінің жоғарлауына.
G) Бағалардың теңдігі.
H) Сату көлемінің өсуіне.

2. Жиынтық сұраныстың анықтамасы:
A) Әрбір берілген баға деңгейінде сатып алатын тауарлар мен көрсетілген қызметтер санын көрсетеді.
B) Сатушының тепе-теңдігі.
C) Табыстың теңдігі.
D) Сатушының ұсынысы.
E) Сатып алушының саны.
F) Өндірілген өнім саны мен бағаның жалпы деңгейінің арасындағы тәуелділік.
G) Капитал мен еңбек арасындағы тәуелділік.
H) Шығын мен өнім арасындағы тәуелділік.



## 5 тақырып. Жеке-дара ұдайы өндіріс теориясының негіздері

1. *Кәсіпкерліктің экономикалық мәні және түрлері.*
2. *Кәсіпкерліктің ұйымдық – құқықтық формалары*

### 1. *Кәсіпкерліктің экономикалық мәні және түрлері*

Қазақстан заңдарында: «кәсіпкерлік – азаматтар мен бірлестіктердің дербес, бастамалық іс-әрекеті», - деп түсіндіріледі және ол пайда түсіруге бағытталып, өзінің мүліктік жауапкершілігінің тәуекелге баруына негізделген.

Қызметтің мазмұнына қарай кәсіпкерліктің түрлері ажыратылады:

- өндірістік кәсіпкерлік
- коммерциялық кәсіпкерлік
- қаржылық кәсіпкерлік
- делдалдық кәсіпкерлік

Өндірістік кәсіпкерлік – бұл тауар және қызметтер, ақпарат, рухани байлық өндірумен байланысты. Өндірістік қызмет бұл жерде негізгісі.

Коммерциялық кәсіпкерлік - өндіріспен байланысы жоқ тек операциялар мен өзара келісім арқылы тауарлар мен қызметтерді қайта сатуға негізделген. Кәсіпкердің пайдасы тауарды сатып алу бағасынан артық бағаға сату арқылы құралады. Егер де бұл операциялар заң жүзінде істелген болса, онда ол спкулятивтік болып саналмайды.

Қаржылық кәсіпкерлік – коммерциялық кәсіпкерліктің бір түрі. Сауда саттық объектісі болып бұл жерде ақша, валюта, құнды қағаздар есептеледі.

Делдалдық кәсіпкерлік - екі жақтың өзара келісімге ынтасын біріктіретін іс-әрекеттен тұрады. Мұндай қызмет көрсеткені үшін кәсіпкер пайда алады.

### 2. *Кәсіпкерліктің ұйымдық – құқықтық формалары*

Меншіктің формасына байланысты: жеке, мемлекеттік кәсіпкерліктің үш түрін ажыратады:

- жеке тұлғалық немесе жеке
- серіктестік немесе жолдастық
- корпорация (акционерлік қоғам).

Жеке тұлғалық кәсіпкерлік деп иесі бір-ақ адам болатын бизнесті айтады. Ол шексіз мүліктік жауапкершілікте бірақ оның капиталы аз, жекетұлғаның кәсіпкерліктің кемшілігі де осында.

Оның артықшылықтары: әрбір жекеменшік иесі бүкіл пайдаға ие, ол өз бетінше кез келген өзгерісті енгізеді. Ол тек кіріс салығын төлейді де корпорация үшін белгіленген салықтан босатылған.

Бұл – ұсақ дүкен, қызметтер саласы кәсіпорындары, заңгер, дәрігерлердің кәсіпқой қызметтерін қамтитын, кең тараған бизнес формасы.

Серіктестік не жолдастық деп екі не одан да көп иесі бар бизнесті айтады. Бұл да кіріс салығымен қамтылады. Серіктестіктің артықшылығы оны тез арада ұйымдастырып, қосымша күшпен, қаражатпен және идея тартуға болады. Кемшіліктеріне дами бастаған іске қаржының тапшылығы, қосымша капитал тартудың қиындығы, фирманың мақсаттарын әрқилы түсіну, табыс пен шығындағы әркімнің үлесін бөлу қиындығы т.б. жатады. Серіктестік формада брокерлік кеңсе, аудиторлық фирма, қызметтер саласы, т.с.с. ұйымдастырылады.

Корпорация деп бірлесіп кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін біріккен адамдар жиынтығын айтады. Корпорацияның меншіктік құқықтары акцияларға бөлінген, оның иелері акция ұстаушылар деп аталады, ал корпорацияның өзі – акционерлік қоғам боп саналады. Корпорацияның табысына корпорация салығы салынады. Қазақстанда кәсіпкерліктің осы формасы кең дамыған.



## 6 тақырып. Нарықтық өндіріс факторының және факторлы табыстың құралымы

*1. Капитал экономикалық түсінік ретінде*
*2. Адам капиталы*
*3. Кәсіпорын капиталы және оның құрылымы*

*1. Капитал экономикалық түсінік ретінде*

| КАПИТАЛ КАТЕГОРИЯ РЕТІНДЕ | |
|---|---|
| Капитал кең мағынада | Табыс ағымын әкелетін бағалылықтар |
| Капитал тар мағынада (өндірістік) | Кәсіпорын капиталы - өзіне тиісті барлық мүліктің құндық бағасы |
| Капитал өндіріс факторы ретінде | Физикалық капитал, немесе өндірістік қорлар, өндірістік процессте қолданылатын капиталдық игіліктер |
| Капитал қаржылық активтер ретінде | Бағалы қағаздар және қаржылық активтер портфелі (облигациялар, акциялар, вексельдер, депозит есептері т.б.) |
| Адам капиталы | Білім, денсаулық, қабілеттілік, тәжірибе т.б. |

*2. Адам капиталы*

| АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰНДЫҚ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ | |
|---|---|
| Білім | Адамның білім деңгейі – ұзақ мерзімдік әрекет факторы |
| Медициналық қызмет | Денсаулықты қорғау – ауыруды және өлімпаздықты қысқартады |
| Кеңістік икемділігі (миграция) | Жұмыс күшінің облыстарға және салаларға ауыстырылуы, яғни адам капиталының қызметіне баға жоғары жаққа қарай |
| Бала туылу және оны күту | Келесі ұрпаққа адам капиталын ұдайы өндіру формасы. |

*3. Кәсіпорын капиталы және оның құрылымы*

| КӘСІПОРЫН КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ | |
|---|---|
| Негізгі капитал | Ғимараттар, құрылыс, машиналар мен құрал жабдықтар, құрылғылар т.б. |
| Айналым капиталы | Өндірістік запастар: материалдар, жанар майлар, электр энергиясы және т.б. келешек кезеңге шығындар |
| Айналым қорлары<br><br><br><br>Қаржы активтері | Кәсіпорын қоймасындағы дайын өнімдер, төленбеген өнімдер, басқа кәсіпорын қарыздары, банк есебіндегіақша қаражаттары<br>Басқа кәсіпорын акциялары, банктік вексельдер, ұзақ және қысқа мерзімді депозиттер, бағалы қағаздар. |

**7 тақырып. Кәсіпорынның (фирманың) шығындары мен табысы**

1. *Шығындар, оның мәні. Экономикалық шығындардың құрылымдық құрамы.*
2. *Трансакциялық шығындардың құрылымы.*

*1. Шығындар, оның мәні. Экономикалық шығындардың құрылымдық құрамы*

| ШЫҒЫНДАР ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ | | |
|---|---|---|
| | Неоклассикалық мектепте | |
| | | Экономикалық шығындар |
| | | Бухгалтерлік шығындар |
| | Институционалды мектепте | |
| | | Трансформациялық<br>Трансакциялық |

| КӘСІПОРЫННЫҢ ШЫҒЫНДАРЫ |
|---|



| | Экономикалық | Бухгалтерлік |
|---|---|---|
| Түрлері бойынша шығындарды | Қысқа мерзімдік<br>- тұрақты<br>- ауыспалы<br>Ұзақ мерзімдік (барлығы – ауыспалы) | «Бухгалтерлік шығындар» - «анық шығындар» түсінігімен сәйкес келеді |
| | Жалпы<br>Орташа тұрақты | |
| | Орташа ауыспалы<br>Орташа жалпы<br>Шекті | |
| Құрамы бойынша шығындарды классификациялау | Анық (яғни бухгалтерлік) Кәсіпорынмен ресурстарды сатып алуға кеткен шығындар соммасымен анықталады:<br>- құралдар,<br>- шикі заттар,<br>- қосымша материалдар,<br>- еңбек және т.б.<br>Жасырын. Берілген кәсіпорынның өзінде бар ресурстардың құнымен анықталады:<br>- Алтернативті құн (құралдарға, құрылыс, ғимарат, шығындардың күнделікті статьялары) | Өндіріс факторларын сатып алуға кеткен шығындар:<br>- құралдар,<br>- шикізаттар,<br>- жартылай фабрикаттар<br>- жинақтау материалдары,<br>- еңбек,<br>- жанама салықтар,<br>- несие бойынша пайыз төлеу,<br>- арендалық төлем |











Экономикалық шығындардың құрылымдық құрамы

| ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫ | | |
|---|---|---|
| Шығындардың түрлері | Сипаттама | Графиктік бейнесі |
| Тұрақты | Өндіріс көлеміне тәуелді емес. Түрі тура сызық |  |
| Ауыспалы | Өндіріс көлеміне тәуелді. Күрделі |  |



| | | |
|---|---|---|
| | иілген сызық (табыстың азаю заңының әсер етуі) | |
| Жалпы | Тұрақты және ауыспалы шығындардың қосындысы $TC = FC + VC$ Күрделі иілген сызық |  |
| Орташа тұрақты | $AFC = FC / Q$ Гипербола түрінде |  |
| Орташа ауыспалы | $AVC = VC / Q$ Парабола түрінде |  |
| Орташа жалпы | $ATC = TQ / Q;$ $ATC = AFC + AVC$ Парабола түрінде |  |
| Шекті (MC) | $MC = \Delta TC / \Delta Q$ Парабола түрінде ATC және AVC минималды мағынасында қиылысады |  |

*2. Трансакциялық шығындардың құрылымы*

| ТРАНСАКЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ (институционалды мектеп) |
|---|
| Трансакциялық шығындардың түрлері |
| - Құнның өзгерісіне байланысты шығындар;<br>- Меншік құқығын айырбастаумен байланысты шығындар;<br>- Фирманы ұйымдастыруға шығындар. |
| Шығындардың әрбір түрінің құрамдас бөліктері |
| - Ақпаратты іздеуге шығындар;<br>- Келіссөз және шарт жасауды жүргізу туралы шығындар;<br>- Шарт талаптарын сақтауға бақылау жүргізуге шығындар;<br>- Меншік құқығын заңды қорғауға шығындар;<br>- Маркетингтік және жарнамалық шығындар. |

Өзін өзі тексеру тестілері:

1. Өндіріс көлемінің өзгерісінде тұрақты шығын (FC):
A) Өзгермейді
B) Өзгереді
C) Баға өзгерісіне байланысты өзгереді
D) Пайда нормасының өзгерісіне байланысты өзгереді
E) Қосымша пайда әкеледі
F) Көбейеді
G) Қалпында қалады
H) Өндіріс көлемінің өсуінде ұлғаяды

2. Егер қолда бар табыс көлемі төмендесе, онда:
A) Тұтыну шығындары қысқарады, ал қор жинау көлемі өседі.
B) Жиынтық ұсынысы өседі.
C) Қолда бар табыс көлемінің төмендеуі пайыз мөлшерлемесінің өсуі әсерінен, нәтижесінде үй шаруашылығының байлығы, соның әсерінен оның тұтынуы да азаяды.
D) Тұтыну шығындары да, қор жинау да өседі.
E) Тұтыну шығындары тең.
F) Қор жинау өседі.



G) Тұтыну көлемі тең.
H) Тұтыну шығындары өсіп, қор жинау көлемі қысқарады.

**8 тақырып. Өндіріс факторларының нарығы және факторлық табыстардың қалыптасуы**

1. *Еңбек нарығы: тепе-теңдік мәселелері*
2. *Жер рентасы – жер иелерінің факторлық табысы*

*1. Еңбек нарығы: тепе-теңдік мәселелері*




| | |
|---|---|
| Еңбек нарығында тепе – теңдікті бұрмалайтын факторлар | 1.Мемлекеттік реттеулер<br>2.Кәсіподақтар саясаты<br>3.Ірі компаниялардыі тактикасы<br>4.Халықаралық бәсекелер |

*2. Жер рентасы – жер иелерінің факторлық табысы*

| |
|---|
| Жер ұсынысының икемсіздігі және шектеулілігі – бұл ауыл шаруашылығындағы бағаның құрылу ерекшелігімен байланысты. |

| |
|---|
| Дифференциалдық рента – қоғамдық және жеке өндіріс бағасы арасындағы айырмашылық. Нашар учаскіде ол болмайды. |

| |
|---|
| Абсолюттік рента – жер учаскелерінің барлығында болатын |

рента. Ол ауылшаруашылығы өнімдерінің құны мен және оның өндіріс бағасы арасындағы айырмашылық ретінде пайда болады; біріншісі екіншісінен жоғары.

1.Рентаның деңгейі ұсыныстың икемсіздігіне тура байланысты.
2.Рентаның деңгейі соңғы өнімнің сұранысына байланысты. Мысалы, егер астыққа баға мен сұраным төмендесе, онда ол өсірілген жерге де сұраным төмендейді. Яғни, арендалық төлемнің ставкасы да құлайды. Кері жағдай болуы да мүмкін.

Нарықты экономикада жер сатым-алым объектісі және бағасы болады. Жердің бағасы екі көлемге байланысты.
1. Жер иесі болып алатын жер рентасының размеріне;
2. Ссуда пайызының ставкасына.

$$\text{Жер бағасы} = \frac{\text{Рента размері}}{\text{Сауда пайызының көлемі}} \times 100\%$$

Мысалы, егер жылдық рента 2000 долларға тең болса, ссуда пайызы ставкасы - 4%, онда жер бағасы = 2000/4×100 = 500007
Қорытынды: егер рента размері өссе жер бағасы да өседі және егер пайыз нормасы өссе, ол төмендейді.

Өзін өзі тексеру тестілері:

1. Өндіріс факторлары:
A) еңбек, жер, кәсіпкерлік қабілеттілік және капитал
B) тек қана еңбек
C) тек қана жер, капитал, кәсіпкерлік қабілеттілік
D) тек қана кәсіпкерлік қабілеттілік және ақпарат
E) тек қана еңбек, капитал, кәсіпкерлік қабілеттілік
F) тек қана ақпарат
G) тек қана жер, капитал



H) тек қана капитал және ақпарат

2. Жердің бағасы анықталады:
A) Жердің табиғи құнарлылығына және жер учаскелерінің нарыққа жақын орналасуына байланысты
B) Жердің меншік иесіне байланысты
C) Мемлекеттің белгілі бір жерге койған ставкасына байланысты
D) Салық комитеттерінің анықтаған ставкасына байланысты
E) Жердің құнарлылығын жасанды жолмен жақсарту арқылы алынатын үстеме пайдаға байланысты
F) Жердің иесінің қойған бағасына байланысты
G) Барлық жерлердің құнарлылығы бірдей болуына байланысты
H) Құнарлылығы мен басқа да жағдайларға байланыссыз жалға берілген барлық жерлерге байланысты

## 9 тақырып. Ұлттық экономика жүйе ретінде

1. *Ұлттық экономикаға жалпы сипаттама және оның мәселері. Макроэкономиканың әдіснамасы.*
2. *Ұлттық экономиканың нәтижелері және оларды өлшеу.*
3. *Ұлттық шоттар жүйесі макроталдаудың құралы ретінде.*

1. *Ұлттық экономикаға жалпы сипаттама және оның мәселелері. Макроэкономиканың әдіснамасы*

| МАКРОЭКОНОМИКАНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚАСПЕКТІЛЕРІ | |
|---|---|
| 1 | 2 |
| | Агрегатты көлемдерге сүйенді |
| | Өндірілген өнімдердің жиынтық көрсеткіштері (ЖҰӨ, ЖІӨ және т.б.)<br>Ұлттық экономиканың әртүрлі жақтарын көрсететін жиынтық көрсеткіштер (жұмысбастылық, баға қозғалысы, инвестициялар, бюджет жағдайы т.б.) |
| 1 | 2 |
| | Қорытындылаушы экономикалық түсінікке сүйенуі |

- Ұлттық экономика
- Ресурстар айналымы
- Тұтынулар
- Жинақтар
- Қор жинау

**ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ҚҰРЫЛЫМЫ**

- Ұдайы өндірістік кешен
  - Өндіріс сферасы
  - Бөлу сферасы
  - Айырбас сферасы
  - Тұтыну сферасы
- Салалық құрылымдардың жиынтығы
  - Барлық экономиканың құрылымы
  - Салалардың құрылымы
- Экономика субъектілерінің жиынтығы
  - Үй шаруашылығы
  - Фирмалар
  - Мемлекет
- Өзара байланыстағы нарықтар жиынтығы
  - Игіліктер (тауар және қызметтер) нарығы
  - Еңбек нарығы
  - Капитал (ақша) нарығы
  - Жер және қозғалмайтын мүлік нарығы
- Институттар жиынтығы
  - Экономикалық әрекеттердің ережелері дәстүрлері нормалары жиынтығы
  - Экономикалық және құқықтық жүйе ұйымдарының жиынтығы (қаржылық, ақша-несиелік, сақтандыру, құқықтық және т.б.)

*2. Ұлттық экономиканың нәтижелері және оларды өлшеу*



**МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

- Көрсеткіштердің негізгі топтары (ҮЕЖ қолданылатын)
  - Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)
  - Жалпы ұлттық өнім (ЖҰӨ)
  - Таза ұлттық өнім (ТҰӨ)
  - Ұлттық табыс (ҰТ)
  - Жеке табыс (ЖТ)
- Көрсеткіштердің қосымша топтары
  - Елдегі жұмысбастылық деңгейі және оның динамикасы
  - Баға деңгейі (инфляция дәрежесі) және оның динамикасы
  - Бюджет дефициті
  - Сыртқы карыз
  - Инвестиция көлемі және оның динамикасы
  - Әл-ауқат және өмір сүру сапасы көрсеткіштері

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АРАҚАТЫНАСЫ




ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІНІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ: әртүрлі мектептер тұрғысынан

| | |
|---|---|
| Экономикс мектебі | |
| | 1. Экономикада жүргізілетін шығындар негізінде ЖҰӨ есептеу |
| | 2. Экономикада алынатын табыстар негізінде ЖҰӨ есептеу |
| | 3. Экономикада жасалған жаңа құндар негізінде ЖҰӨ есептеу |
| Саяси экономия мектебі | |
| | Өндіріс кезеңіндегі ЖҰӨ есептеу |
| | Бөлу кезеңіндегі ЖҰӨ есептеу |
| | Тұтыну кезеңіндегі ЖҰӨ есептеу |
| ҰӨ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕРІ | |
| | 1. Экономикада жасалған жаңа құндар негізінде $y = \sum_{i=1}^{n}\sum_{j=1}^{m}(p_{ij}q_{ij} - B)$ |
| | 2. Экономикада алынған табыстар негізінде $y = W + \pi + A + (T - S)$ немесе $y = W + P + r + R + A + (T - S)$ |
| | 3. Экономикада болған шығындар негізінде $y = C + I_g + G + NX$ |

*3. Ұлттық шоттар жүйесі макроталдаудың құралы ретінде*

| | |
|---|---|
| Ұлттық шоттар (есептер) жүйесі (ҰШЖ) – макродеңгейде өзара байланыстағы статистикалық көрсеткіштер жүйесімен аяқталатын нарықты экономикаға тән ұлттық есеп | |
| Ұлттық шоттар жүйесінің міндеттері | |
| | Елдің экономикалық дамуының қорытындысына шолу (мысалы бір жылға)<br>Болып жатқан құрылымдық өзгерістерге шолу<br>Экономика субъектілері арасындағы өзара байланыс жүйесіне шолу |
| Ұлттық шоттар жүйесінің теориялық негіздері: | |



| | |
|---|---|
| | Жалпы өнімді жасауда материалдық өндіріс пен қызмет сферасының біркелкілігі. |
| | Жасалған өнімнің құнын бағалау құнның еңбек теориясына емес өндіріс факторлары концепциясына негізделеді. |
| | Нарықты экономикада барлық халық шаруашылығы кешенін мемлекетпен тікелей басқару жоқ. |
| | Нарықты экономика шаруашылық субъектілерінің тікелей және нақты өзара байланысына негізделеді. |
| | Нарықты экономиканы реттеу негізі оның өзін-өзі түзету механизміне негізделген. |
| | Мемлекет реттеуші функциясын сақтайды, біріншіден нарықтық жүйені инфрақұрылыммен, жалпы «шекті шарттармен» қамтамасыз ету сферасында. |

Өзін өзі тексеру тестілері:

1. Ұлттық экономикалық жүйені қалыптастыруда туындайтын сұрақтар:
A) Қалай, кім үшін, өсу карқыны қандай
B) Жұмыссыздық пен инфляция себептері қандай
C) Өзгерген жағдайларға бейімделе ала ма
D) Нені, қалай, кім үшін
E) қашан, неге, қайда
F) кім үшін, не үшін, қалай өндіру керек
G) Не, қалай, қанша өндіру керек
H) Кім неге, кім үшін

2. Қандай макроэкономикалық көрсеткіштер ұлттық деңгейдегі қоғамдық өндірістің нәтижелерін анықтайды:
A) ұлттық байлық.
B) ұлттық өнім.
C) тауар сапасы.
D) жеке табыс.
E) тауар бағасы.
F) тауар құны.
G) қызмет көрсету нәтижесі.

H) жеке фирмалар.

3. Макроэкономикалық көрсеткіштер:
A) Пайда, шығын.
B)ЖҰӨ, ЖІӨ,ТҰӨ.
C) Жалпы байлық.
D) ЖҰӨ, жұмыссыздық, баға.
E) Сұраныс, ұсыныс.
F) ҰТ, орташа шығын, айнымалы шығын.
G) Ішкі табыс.
H) ЖІӨ, сұраныс, ұсыныс.

4. Нақты ЖІӨ өлшенеді:
A) Пайызбен.
B) Ағымдағы айырбас курсы бойынша.
C) Инфляцияны ескеріп, баға индексі арқылы.
D) Қазіргі бағалармен.
E) Өткен уақыттағы бағалармен.
F) Ағымдық бағалармен.
G) Аралық бағасының индексі бойынша.
H) Ағымдағы жылдағы бағалармен.

5. Макроэкономиканың спецификалық әдісі:
A) Көрсеткіштерді агрегаттау және үлгілер құру.
B) Қор жинау әдісі.
C) Ыдырату әдісі.
D) Диалектикалық әдіс.
E) Анализ және синтез.
F) SOWT әдісі.
G) Индукция және дедукция әдісі.
H) Құндық әдісі.

6. Макроэкономикалық үлгі дегеніміздің мағынасын не ашады
A) бір уақытта барлық проблемаларды қарастыра алмайды.
B) сыртқы факторларды зерттемейді.
C) әртүрлі экономикалық құбылыстар мен үрдіс арасында пайда болатын функционалдық байланыстарды айқындауда құрылған.



D) жан-жақты макроэкономикалық саясаттың икемділігін және баламалдылығын арттырады.
E) әлеуметтік қызметті талдайды.
F) экономиканың қызметін талдайды.
G) меншік қатынастарын талдайды.
H) нарық экономикасының артықшылығы мен кемшілігін талдайды.

**10 тақырып. Макроэкономикалық тепе-теңдік**

1. *Макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәні және алғы шарттары. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің неоклассикалық моделі*
2. *Макроэкономикалық тепе-теңдіктің Кейнстік моделі*
3. *Макроэкономикалық тепе-теңдіктің монетаристік моделі*

1. *Макроэкономикалық тепе-теңдіктің мәні және алғы шарттары. Макроэкономикалық тепе-теңдіктің неоклассикалық моделі*

| |
|---|
| Тепе-теңдікті оқудың мақсаты келесі сұрақтарға жауапты табу болып саналады:<br>1. Экономиканың тепе-теңдік, яғни теңгерімділік жағдайы, нені білдіреді?<br>2. Тепе-теңдік жағдайға жетуге қандай факторлар әсер етеді?<br>3. Неге тепе-теңдік жағдайдың бұзылуы мүмкін?<br>4. Теңгерімділікті орнату үшін қандай шаралар жасау қажет? |

| ТЕПЕ-ТЕҢДІК ТҮСІНІГІ: көпаспектілі көзқарас | | |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| | Саяси эколномия | Экономикс |
| Тепе-теңдік түсінігіне қолданылатын ғылыми мәселе | Барлық әлеуметтік-экономикалық жүйенің даму жағдайының тепе-теңдік шартын анықтау | Нарықтық операциялардың тепе-теңдік нұсқасы (варианттары) шартын анықтау |

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Талдау дәрежесінің кеңдігі | Экономикалық көзқа-расты қалыптастыру сонымен бірге эко-номика проблемаларын жаңадан көруді іздеу мақсатындағы жалпы экономикалық жол | Максималды эффектіге жету үшін қажетті шартты іздеу мақсатындағы талдауға прагматикалық жол |
| Қолданылатын категориялар | Экономика саласында<br>Саясат саласында<br>Әлеуметтік салада<br>Психология саласында | Экономика саласында (кейде – психология саласында):<br>- жиынтық сұраныс (AD), жиынтық ұсыныс (AS)<br>- табыстар, шығындар<br>- жинақ, инвести-циялар<br>- күту, тосу |

| НЕОКЛАССИКАЛЫҚ КОНЦЕПЦИЯЛАРДАҒЫ ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ БАСТАПҚЫ ШАРТТАРЫ | |
|---|---|
| | • Жетілген бәсекенің болуы<br>• Тепе-теңдік жағдайының ортасы – баға (ол жоғарғы дәрежеде икемді)<br>• Тепе-теңдік бағаның қалыптасуы – теңгерімділік дамуға жету нәтижесі |

| AD-ға ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН БАҒАСЫЗ ФАКТОРЛАР | |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Субъектілер және олардың сұранысының сипаты | Ықпалын тигізетін факторлар |
| Үй шаруашылығы (жеке тұтыну) | • Тұтынушылардың табыстары<br>• Болжалды (күту, тосу) (алатын табысқа және баға деңгейіне байланысты)<br>• Тұтынушыларға салық |



| 1 | 2 |
|---|---|
| | • (табысқа және ҚҚС)<br>• Тұтынушылардың берешектері |
| Фирмалар (инвестициялар) | • Пайыз ставкасы деңгейі<br>• Болжалды (алынатын пайдаға қатысты)<br>• Салық деңгейі<br>• Технологияның дамуы |
| Мемлекет (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | • Мемлекеттік шығындар көлемінің өзгерісі (әлеуметтік төлемдер, субсидиялар)<br>• Мемлекеттің қаржы бағдарламасы |
| Сыртқы экономика (таза экспорт) | • Сыртқы сауда жағдайының өзгерісі |

| AS-ке ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН БАҒАСЫЗ ФАКТОРЛАР | |
|---|---|
| Субъектілер және ұсыныс сипаты | Ықпалын тигізетін факторлар |
| Фирмалар (игіліктер өндірісі) | • Экономиканың жағдаятты «конъюнктуралық) дамуының өзгерісі<br>• Технологиялардың дамуы (еңбек өнімділігінің көтерілуі)<br>• Салық басымдылығын төмендету<br>• Ресурстардың арзандауы<br>• Жеткізушілердің монополиялық билігін жеңілдету. |

| ЭКОНОМИКАНЫҢ ЖАҒДАЙЫ: AS қисығында көрсетілген | |
|---|---|
